

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 қазандағы № А-4/238 қаулысы

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 97-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 7232), Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Шабаров

Шортанды ауданы әкімдігінің
2024 жылғы "28" қазандағы
№ А-4/238 қаулысына
қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

№ п/п	Тұрғын үй мекенжайы	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшері, теңге (айына бір шаршы метр үшін)
1	Шортанды ауданы Бектау ауылдық округі Бектау ауылы Кеңесары көшесі 19 үй 2 пәтер (кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	149
2	Шортанды ауданы Шортанды кенті Ынтымак көшесі 22 үй (кондоминиум объектісінің құрамына кірмейді)	179
3	Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі Бозайғыр ауылы Абай Құнанбаев көшесі 4 үй 3 пәтер	246

	(кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	
4	Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі Бозайғыр ауылы Кажымукан көшесі 4 үй 1 пәтер (кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	231
5	Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі Бозайғыр ауылы Бейбітшілік көшесі 13 үй 2 пәтер (кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	158
6	Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округі Бозайғыр ауылы Жеңіс көшесі 11 үй 1 пәтер (кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	176
7	Шортанды ауданы, Бектау ауылдық округі, Бектау, ауылы Дінмұхамед Қонаев көшесі 20 үй 1 пәтер (кондоминиум объектісінің құрамына кіреді)	91